



*Қазақстан Республикасының*

*қоғамдық-саяси өмірі*

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

REPUBLIC OF  
KAZAKSTAN

КСРО-ның ыдырау барысын тездеткен 1991 жылғы тамыз бүлігі 1991 жылдың қазанына қарай көптеген республикалардың өз тәуелсіздігін жариялауына септігін тигізді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жөнінде Конституциялық Заң қабылдауы үлкен айтыс-тартыстың арқауы болды.



Тәуелсіз мемлекетке айналған Қазақстан, отаршылдық езгіге түскен соңғы 200 жылдан астам уақыттан кейін *Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын* өткізуге мүмкіндік алды.



Құрылтайға түрлі кезеңдерде Отанынан кетуге мәжбүр болған дүние жүзінің 30 елінен келген қазақтар қатысты. Мұндай жиынды өткізу өз отандастарының алдында кешігіп болса да атқарылған гуманизмнің жоғарғы көрінісі болды. Отандастар әр түрлі жағдайларға байланысты, негізінен мемлекет тарапынан жасалған күш көрсетудің нәтижесінде, туған жерлерін тастап, шет елдерді мекендеуге мәжбүр болған еді. Қазақстаннан тыс жерлерде қоныс аударушылар кемсітушілікке де ұшырап, көптеген қиыншылықтарды бастарынан өткізді. Қонақтардың арасында кернекті діни қайраткерлер, ғалымдар, кәсіпкерлер мен студенттер болды. Құрылтайға көптеген елдерден, оның қатарындағы үлкен қазақ диаспорасы бар Ресейден, Өзбекстаннан делегациялар келді. Құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев, көрнекті ақын және қоғам қайраткері О. Сүлейменов, Түркиядан келген дінтанушы ғалым Халифа Алтай, Ресейден келген қонақ Аман Төлеев т.б. сөз сөйледі.



- 1991 жылы тамыз айында Мәскеуде мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті болған.
- халықтар достығын нығайтуда 1992 жылғы желтоқсанның ортасында өткен Қазақстан халықтарының форумы үлкен рөл атқарды.
- 1993 жылдың соңы Қазақстанда Кеңестердің жаппай өзін-өзі таратуымен де есте қалды.
- 1993 жылғы 8 желтоқсанда Алматы қаласында республика Жоғарғы Кеңесінің XI сессиясының екінші кезеңі өз жұмысын бастады. Сессияның жұмысына Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев, Министрлер Кабинетінің мүшелері, облыстық өкілдер қатысты.
- Парламент «Қазақстан Республикасының сайлау туралы кодексін» қабылдап, Орталық сайлау комиссиясын құрды. Жоғарғы Кеңес өзін-өзі тарату туралы шешімін жариялады. Келесі Парламент Сенат пен Мәжілістен тұратын қос палаталы Парламент болды.



Барлық саяси партиялар  
мен қоғамдық  
қозғалыстардың алдында  
тек демократиялық жолмен  
Конституция талабына сай  
қызмет ету мақсаты  
қойылды.



# Қазақстанда қоғамдық бірлестіктердің қалыптасуының келесі кезеңінде Қазақстанның либералдық қозғалысы:

- \* «Қазақстанның болашағы үшін» (1998ж.ақпан) жастар қозғалысы;
- \* «Қазақстан - 2030 үшін» (1998ж.6 қазан) қоғамдық қозғалысы;
- \* «Өрлеу» (1998);
- \* «Ақ жол» қоғамдық қозғалысы (1998ж);
- \* Қазақстанның қоғамдық бірлестігі (2002ж), т.б. құрылды.

Алдағы кезеңде республика мәдениетін дамыту үшін барлық мүмкіндіктерді барынша пайдаланып, оған қолайлы жағдай жасау міндеті тұр. Осыған байланысты Президент Н.Ә.Назрбаев «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» Жолдауында мәдениетті дамытудың нақты жолдарын «Мәдени-тарихи мұраны сақтау» деген бөлімінде ерекше атап көрсетті.